

АБАЙ

UNIVERSITY

№07  
(242)тамыз  
август

2024

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ЖОЛДАУ

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ҰЖЫМЫ  
ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТЫҢДАДЫ

2024 жылдың 2 қыркүйегінде Абай атындағы ҚазҰПУ ұжымы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауын зор ықыласпен тыңдады.



Президент Жолдауында еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты маңызды мәселелер айқындалды. Президент алдағы ел дамуының негізгі бағыттарына егжей-тегжейлі тоқталып, негізгі атқарылатын міндеттерді атап өтті: ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою; инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайларды ұдайы жақсарту; еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау; инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу; кадрлық әлеуетті біртіндеп арттыру; ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту; экологиялық ахуалды жақсарту және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру; мемлекеттік басқарудың тиімділігін түбегейлі арттыру; қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру.

Жолдауда білім беру жүйесін реформалау және кадрлық әлеуетті нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Президент Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланатын 2025 жылдың маңыздылығына тоқталып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау қажеттігін сөз етті. Бұл шаралар қоғамда еңбек-қорлық пен кәсіпқойлық құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздар ұлттық зияткерлік күші болып табылатынын және оның өсіп-өркендеуіне шешуші рөл атқаратынына назар аударды. Кәсіптік білім беру реформасы экономикалық өсуді қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін маңызды болып табылады. Президент дарынды жастарды педагогикалық жоғары оқу орындарына тарту керек екенін, педагогтардың біліктілігін арттыру мен әлеуметтік мәртебесін көтеру шараларын жалғастыру қажеттігін айтты.

«Ұстаздар - ұлттық зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет», - деді Мемлекет басшысы.

Бұл бастамалар Қазақстанның одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болатын сапалы адами капиталды қалыптастырудың қозғаушы күші болып табылады.

Абай университеті ұжымы Мемлекет басшысының бастамаларын толығымен қолдай отырып, алдағы уақытта да педагогикалық кадрларды даярлауға өз үлесін қоса бермек.

Өз тілшімізден

## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚҰТТЫҚТАУ

РЕКТОР

БІЛІМ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ!

Құрметті білім алушылар және әріптестер!

Баршаңызды 1 қыркүйек - Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын! Елімізде ежелден игі дәстүр бойынша тойланып келе жатқан бұл мереке бізге көптеген жетістіктер мен жаңалықтар әкелетін жаңа оқу жылының басталуын білдіреді. Біздің университет үшін бұл оқу үрдісінің басталуы ғана емес, сонымен қатар білімді тереңдетуге және ғылымды дамытуға деген ұмтылысымызды айқындайтын ерекше сәт.

Білім - ең үлкен еңбек! Жаһандану дәуірінде оның сапасына ерекше мән беруіміз керек. Білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету арқылы ғана біз әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілігімізді көрсете аламыз. Қазақстандағы педагогикалық білімнің флааманына айналған оқу ордамыз жаңа формациядағы педагог кадрларын даярлауды қамтамасыз ете отырып, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті жас ұрпақты қалыптастырудағы маңызды миссиясын лайықты атқаруда.

Қазір - ғылым мен білімнің заманы. Сондықтан қазақ білімінің қара шаңырағы атанған Абай университеті озық технологиялар көшінің басында болуы керек. Оқу ордамыз заманауи білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерді белсенді дамытып, жетекші жоғары оқу орындары арасында өз позициясын сенімді түрде нығайтып келеді.

Биыл Абай университетінің студенттер қатары 6 000-нан астам жаңа білім алушымен толықты. Білім алушыларымыз тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін қызмет ететін, ұлттық салт-дәстүріміз бен тарихи-мәдени құндылықтарын сақтауға және дамытуға қабілетті саналы, білікті ұстаздар болатынына кәміл сенемін.

Әр оқу жылы үміт пен ұмтылыстан басталады. Биылғы оқу жылымыз көптеген қуанышты жаңалықтар мен елеулі табыстарға толы болады деп сенемін! Жаңа оқу жылы баршаңызды жаңа жетістіктерге жетелесін! Оқуда да, еңбекте де алда болайық! Мереке құтты болсын!

Абай атындағы ҚазҰПУ  
Басқарма-Төрағасы Ректор  
Б.А. ТІЛЕП

Баспасөз қызметі

## АБАЙЛЫҚТАР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫН АТАП ӨТТІ

Ректор Болат Тілеп Абай университетінің үлкен отбасының қатарына қосылған 1 курс студенттерін өмірлерінің жаңа кезеңінің басталуымен құттықтады. Ол биылғы жылы еліміздегі жетекші жоғары оқу орны рекордтық нәтижеге қол жеткізіп, 6 мыңнан астам талапкерді қабылдағанын атап өтті.

«Ағымдағы жылы оқуға түскен 6 мыңнан астам білім алушылардың 5215-і бакалавриат студенттері атанды. Олардың ішінде 314 «Алтын белгі» және 500-ден астамы үздік аттестат иегерлері бар. Құрметті студенттер, біздің мақсатымыз - сіздердің білімге деген құштарлықтарыңызды

департамент қызметкерлерінің бастауыш сыныпта оқитын балаларына мектепке қажетті құрал-жабдықтарын сыйға тартты. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында бұл жолы көпбалалы, көмекке мұқтаж бес отбасына оқу құралдары мен өлшемі дәл келетін мектеп формасын алуы үшін арнайы сертификаттар табысталды.

Мерекелік кеш ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, эстрада жұлдызы Медеу Арынбаевтың «Дариға жүрек», «Алматының кешінде» әндерін орындауымен жалғасты.

Қазақ жоғары білімнің қара шаңырағы - Абай



арттырып, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Жақсы оқып, биік жетістіктерден көрініңіздер», - деді ректор.

Сондай-ақ оқу орнының басшысы Демеу Жадыраевқа университеттің ең жоғары марапаты - «Абай» төсбелгісін табыс етті.

«Бүгін ерекше күн - білім күні. Білімді адам қашан да құрметке ие. Аса қадірменді жастар, сіздерді оқу оқып, жақсы білім алып, туған жеріміз үшін бар күш-жігерімізді жұмсап еңбек етуге шақырамын», - деді Демеу Жадыраев.

Іс-шара барысында Абай университеті оқу орнындағы Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі

атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті биыл 96-шы рет бірінші курс студенттерін қабылдап отыр. Заманауи құрал-жабдықтармен, ақпараттық техникалармен жарықтандырылған кең аудиториялар, компьютерлік сыныптар, түрлі зертханалар, интерактивті құралдар, кітап қоры 1.800.000 болатын кітапхана, спорт кешені студенттер үшін қызмет етеді. Білім алушылардың алаңсыз оқып, сапалы білім алуларына толық жағдай жасалынған. Ендігі міндет - тек қана жақсы оқып, бәсекеге қабілетті маман болып шығу.

Webometrics

RANKING WEB  
OF UNIVERSITIES

РЕЙТИНГ

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ӘЛЕМДІК  
РЕЙТИНГТЕ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

2024 жылдың шілдесінде әлемнің жоғары оқу орындары сайттарының рейтингі - Webometrics Ranking of World Universities нәтижелері жарияланды. Бұл жаһандық рейтинг университет веб-сайтының өзектілігін, оның зерттеуші ғалымдарының Scopus және Google Scholar сияқты ғылыми-метрикалық жүйелердегі жарияланымдарын ескеретін біріктірілген көрсеткішке негізделген.

Биыл Webometrics рейтингіне әлемнің түкпір-түкпірінен 31 606 университет, оның ішінде Қазақстаннан 124 жоғары оқу орны қатысты. Webometrics жаңа деректеріне сәйкес Абай университеті әлемдік рейтингте 4690-шы орынды иеленді, қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 6-шы орынды иеленіп, еліміздің топ-6 үздік жоғары оқу орындарының қатарына енді (2024 жылғы қаңтарда 5-ші орында, 2023 жылғы шілдеде 7-ші орында).

Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындары арасында Абай университеті еліміздің білім беру жүйесіндегі көшбасшылық позициясын растай отырып, 1-ші орынға ие болды. Бұл жетістік университеттің интернет кеңістігінде болуының маңыздылығын, сондай-ақ оқытушылар мен ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін көрсететін ғылыми басылымдардың сапасы мен санының маңыздылығын көрсетеді.

Webometrics рейтингі ғылыми жарияланымдарды ғана емес, сонымен қатар университет веб-сайттарының мазмұны мен танымалдылығын бағалай отырып, университеттердің интернет кеңістігіндегі үдерісін талдайды. Жоғары оқу орындарын саралау алгоритмі Cybermetrics Lab талдауымен әзірленіп, үш негізгі индикаторға негізделген: Impact, Openness және Excellence.

Әлемдік рейтингте Қазақстандағы ең үздік жоғары оқу орындарының бірі - Абай университеті өз мәртебесін нығайтып, халықаралық аренадағы орнын белсенді түрде арттыра отырып, сенімді түрде алға жылжуды жалғастыруда.

СҰХБАТ

ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕГІ  
ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

ЗӘМЗӘГҮЛ ФАЙЗОЛЛАНОВА - әйелдер

арасындағы ережесіз жекпе-жекпен әлемдік аренада Қазақстанның намысын қорғап жүрген, «Бопай» атымен танымал спортшы. Кенесары ханның қайсар қарындасының есімін лақап ат ретінде иеленген ол, аталған спорт түрінен өзінің 5 жылдық мансабында 5 рет жеңіске жетіп, көк Туымызды көкте желбіретті. Алайда көрермен көзайымына айналған файтез қыз туралы жақында елді елең еткізген сыбыс пайда болған еді. Ұлттық құраманың бұрынғы мүшесі, кезінде нөмірі бірінші дзюдошы атанған Зәмзәгүл спорттағы мансабын аяқтайтыны рас па? Үш баланың анасын Алматыда, үлкен жарыс алдындағы дайындықтан кездестіріп, көкейдегі сұрақ-тарымызға жауап алдық.

Басы. Жалғасы 3 бетте

## ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛ!

30 тамыз - Конституция күніне орай, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментінің бастамасымен «Өз құқығыңды біл» бағдарламасына акциясы ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты - бірінші курсқа келген студенттердің құқықтық мәдениеті мен саяси сауатын көтеру, атаулы мерекенің маңыздылығы мен тарихын насихаттау.



Акция барысында сөз алған университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақауов жас талапкерлерге университеттің оқу процесі, жатақханада жүріп-тұру тәртібін баяндап, қоғамдық ортада қарым-қатынас орнату үшін қажетті құқықтық-әкімшілік кеңестер берді.

Сондай-ақ, Тарих және құқық факультетінің профессор оқытушылар құрамы арнайы дәрістер оқып, өзара сұрақ-жауаптар эстафетасын өткізді. Жастардың құқықтары мен міндеттері егжей-тегжейлі талқылап, жан-жақты консультациялар берілді. Акция қалалық «Қош келдің, студент!» челленджі аясында өтті.

## АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ: АСТАНАДАҒЫ «БІЛІМ БЕРУ» ФАКУЛЬТЕТІ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Биыл Абай университетінде көптеген ауқымды оқиғалар орын алып, оқу ордасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында бірнеше оңды өзгерістер жасады. Салаға серпін беретін нақты істер қолға алынып, игі жұмыстар жалғасын табуда. Мәселен, еліміздегі білікті педагог кадрлардың тапшылығын жою мақсатында ағымдағы жылы Абай атындағы ҚазҰПУ мен Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті арасында консорциум жасалған болатын.

Аталған серіктестік негізінде Еуразия ұлттық университетінің базасында Абай университетінің бастамасымен «Білім беру» факультеті ашылды. Осылайша, отандық жоғары оқу орындары арасында айтарлықтай орны қалыптасқан қос университет биылдан бастап педагог кадрларды бірлесіп дайындауға күш жұмсамақ. Факультет мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіне кең көлемде көңіл аударып, білім беру бағдарламаларының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруды көздеп отыр.

Осы орайда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Астанадағы ашылған су жаңа факультеттің тоғыз білім беру бағдарламалар тобына нысаналы 240 грант бөлді. Олар: педагогика және психология - 10 грант; бастауышта оқыту педагогикасы мен методикасы - 30 грант; алғашқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау - 10 грант; көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау - 10 грант; математика мұғалімдерін даярлау - 40 грант; информатика мұғалімдерін даярлау - 40 грант; география мұғалімдерін даярлау - 30 грант; қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау - 30 грант және арнайы педагогика - 40 грант.

Бағдарлама студенттердің сапалы білім алуы үшін барлық қажетті жағдайды қамтамасыз етпек. Оқуға түскен жастардың жеткілікті деңгейде оқып, білімін жетілдіру жолында Абай университетінен жиырма бір, Гумилев университетінен 11 педагогикалық бейіндік кафедрасының профессор-оқытушылары тартылады деп жоспарлануда. Бакалавриатты сәтті тәмамдаған студенттерге Абай университетінің үлгісіндегі диплом беріледі. Кейін мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алған болашақ педагог мамандар грант негізінде алған білімдерін Астана қаласында жұмыспен өтеуі қажет.

Өйткені, бас қаланың еңбек нарығында осы мамандарға деген сұраныс жоғары. Дәл осы білім беру бағдарламаларын тәмамдаған түлектер өз мамандықтарының ерекшеліктеріне сәйкес, әртүрлі білім беру ұйымдарында: жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде, білім беру орталықтарында, педагогикалық бағыттағы ғылыми және әдістемелік, түзету-дамытушылық ұйымдарда, әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық мекемелерде жұмыс істей алады.

Жоғары білімінің қарашаңырағы саналатын Абай университеті ғасырға жуық тағылымды тарихымен ерекшеленетін, ұстаздарды даярлаудың ұстаханасына айналған оқу ордасы. Мұнда талай тарлан тәлім алып, «Елімнің ертеңі үшін қызмет етемін!»,- деген көптеген жас жол тапқан. Биыл Абай университеті 4276 түлекті ұясынан ұшырып, Қазақстандық білім іргесінің бекем болуы үшін жаңа мамандарға жол ашты.

Болашақтың кілті - білікті ұрпақтың қолында десек, жас ұрпақтың тағдырын ұлағатты ұстаз айқындайды. Мыңның бірі, қатарымның алды боламын деп, ұстаз болуды армандап, мұғалім міндетін алдына мақсат тұтып Астана қаласына оқуға түскен талапшыл студенттерге Абай университетінің ұжымы сәттілік тілейді.

Ира ЖАНГОЗИНА,

Жастар саясатын дамыту департаментінің жетекші маманы

## АБАЙ КҮНІ:

## ҚАЗАҚСТАНДА АҚЫН АТЫНДА 1500-ДЕН АСТАМ НЫСАН БАР

Абай күні Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылы 4 тамыздағы қаулысына сәйкес мерекелік датаға айналды.



Биыл 10 тамызда Абай атында- университет басшылығы, профессоры ҚазҰПУ-да қазақтың ұлы ақыны, сор-оқытушылар құрамы мен бел-ғұлама ойшыл Абай Құнанбайұлы- сенді студенттер және қала қонақ-ның 179 жылдығына орай ескерткі- тары қатысты.


Жиында сөз алған Абай универ- Маңызды іс-шараға ҚР ҒЖБМ ситетінің Басқарма төрағасы - Жоғары және жоғары оқу орнынан ректор Болат Тілеп жүршылықты кейінгі білім комитеті төрағасының Абай күнімен құттықтап, оның орынбасары Ақерке Абылайхан, шығармашылығы қазіргі уақытта

қоғамға қажетті бәсекеге қабілет- тілік, ұлт ретінде қалыптасу, тәрбие, еңбекқорлық тәрізді құндылықтар- мен үндес екендігін айтты.

«Өткен жылғы дерек бойынша, елімізде Абай есімін иеленген 1593 маңызды нысан бар екен. Соның ең алғашқысы осы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық уни- верситеті. Ол да болса, ұлт ұстазы, университетіміздің негізін қалау- шылардың бірегейі Ахмет Байтұр- сынұлы қайраткерлігінің арқасын- да мүмкін болған тарихи ақиқат. Ұлы ақынның есімін иеленген, қазақ білімінің қара шаңырағы атанған Абай университетінде қызмет атқару - біз үшін үлкен абырой. Абай атамның өсіеті, өлеңі, қара сөзі - бүгінгі тұрмысы- мызда, қазіргі қоғамда өзектілігін еш жоғалтқан жоқ. Арада қаншама уақыт өтіп, қаншама дәуір орнаса да Абай мұралары ұрпаққа әлі де қызмет етіп келеді және ол қазақ барда мәңгі жасай бермек», - деді Болат Анапияұлы.

Баспасөз қызметі

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Абай күніне орай Абай атындағы ҚазҰПУ Баспасөз қызметі әлеуметтік желілерде челлендж жариялап, жоғары оқу орнының ресми парақшасында конкурс өткізді.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығын насихаттауға, қатысушылардың рухани білімін тереңдетуге және жастардың ұлы ақынның мұрасына деген қызығушылығын арттыруға бағытталған іс-шара жоғары деңгейде өтті. Оған 100-ден астам адам қатысты.

Челлендж аясында конкурсқа қатысушылар ұлы ойшылдың шығармаларын мәнерлеп оқып, әлеуметтік желілерде бөлісті. Бұл бастаманы университет оқытушылары, жас оқырмандар мен қала тұрғындары да қолдап, Абай әндерін орындап, өлеңдерін арнап, эстафетаға өз үлестерін қосты.

Конкурс нәтижесі бойынша Математика, физика және информатика факультетінің 1 курс студенті Таңат Талғатұлы, Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы Болат Ахмет, Жаратылыстану және география факультетінің 1 курс студенті Диана Қадыржан және Математика, физика және информатика факультетінің 2 курс студенті Әсел Құрбанбай жеңімпаз атанды. Жеңімпаздарға Абай университетінің имидждік өнімдері табысталды.

Айта кетейік, биыл ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 179 жыл толып отыр. Оның туған күні (1845 жылғы 10 тамыз) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы қаулысымен Қазақстанда ресми түрде мереке болып жарияланды.

КОНФЕРЕНЦИЯ

## АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ ЖАҢА ФОРМАЦИЯДАҒЫ ПЕДАГОГТАРДЫ СӨЗ ЕТТІ

Түркістан облысы білім беру саласы қызметкерлерінің «Digital Kazakhstan: Жаңа замандағы білім беру» облыс-тық тамыз педагогикалық кеңесі өтті. Түркістан қаласын- да ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты - білім сапасын арттыру үшін білім беру үрдісіне заманауи инновациялық жобаларды енгізу. Іс-шараға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма басшысы-ректор Болат Тілеп, ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен мемлекеттік органдардың өкілдері, білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Облыстық тамыз кеңесі аясында инновациялық жобалар көрмесі ұйымдастырылып, білім беру жүйесін дамытуға қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Жиында еліміздің жетекші педагогикалық жоғары оқу орны - Абай университетінің ректоры баяндама жасады.

Ректор Болат Тілеп баяндамасында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа формациядағы педагог кадрларын даярлау, білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамыту және білім сапасын көтеру, орта білім беру саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын мәлім-деді. Уақыт талабына сай жаңа «Ғылыми мектеп» қалыптастыру және инновациялық білім беру бағдарлама-ларын әзірлеу қажеттілігіне тоқталып, еліміздегі 5 педагогикалық жоғарғы оқу орындарының үйлестіруші орталығы ретінде өткен жылы фин үлгісі бойынша 30 инновациялық білім беру бағдарламасы әзірленгенін, оның 12-сі Абай университеті ғалымдарының еңбегінің нәтижесі екенін атап өтті.

Болат Тілеп педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру және олардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін

дамыту мәселелерінде Түркістан облысымен ынтымақтастықтың маңыздылығына тоқталды. Түркістан - еліміздің адами капиталының сапасына жауапты өңір ретінде шешуші рөл атқаратынын айта келе, бұл жұмысты күшейту үшін бірқатар бастамалар ұсынды.

Пленарлық сессия барысында қатысушылар білім саласына инновацияларды енгізу стратегиясын, оқу бағдарламаларын жетілдіруге қажетті шараларды, мұғалімдердің біліктілігі мен цифрлық сауаттылығын арттыруды, сондай-ақ білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын жетілдіру, кадрлық ресурстарды кеңейту мәселелерін талқылады. Оқу үдерісіне жасанды интеллект пен озық технологияларды енгізуге, сондай-ақ білім алушылардың халықаралық стандарттарға сай жан-жақты дамуына жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шара Түркістан облысының үздік педагогтарын марапаттаумен аяқталып, олардың білім беруді дамытуға қосқан үлесі ерекше атап өтілді.

Еліміздің қарқынды дамып келе жатқан өңірлерінің бірі Түркістанда жаңа білім нысандарын салу бағдарламасы қарқынды жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда жергілікті бюджет есебінен 20 мектептің құрылысы жүргізілуде, оның 13-ін жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. 2023-2025 жылдар аралығында «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 63 жаңа мектептің құрылысы қарастырылған, оның 29-ы биыл пайдалануға беріледі. Мектеп инфрақұры-лымын кеңейту жұмыстары жалғасады.

Түркістандағы тамыз кеңесі өңірдің білім беру жүйесін жаңғырту, инновациялық жобаларды дамыту және білім беру сапасын әлемдік стандарттар деңгейіне дейін арттыру жолындағы маңызды қадам болды.

Б. ЖҰМЫНҰЛЫ

«Жаныңда жүр жақсы адам» - дегендей Абай атындағы ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ) 1977 жылғы түлегі – Уәлиев Талғат Ошанұлы 70 жасқа толыпты. Менің бұл азаматқа деген құрметім ерекше. Оның себебі, мен осы оқу орнының 1972 жылғы түлегі ретінде Талғатты студент кезінен білетін едім. Шын мәнінде Талғаттың бойында қазақи салт-дәстүрге толы адамгершілік қасиеттің бәрі бар. Оның негізі, Талғаттың барлық саналы өмірін – білім мен тәрбие беруге арнауы. Осы орайда оның ұстаздық еңбек жолына желсем, ол біздің оқу орнын «География және биология» мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітірген соң, еліміздің жалпы білім беруші мектептерінде география пәнінің мұғалімі болған. Ал өзі оқыған оқу орнындағы қызметін 1987-1988 оқу жылынан «Экономикалық география және географияны

тамыз кеңестерінде үнемі дәрістер оқып, ой бөлісуде. 1990 жылдары Талғат Ошанұлы Алматы қаласының қазақ мектептеріндегі география пәнінің жас мұғалімдері үшін құрылған семинар жұмысын жүргізіп, Алматы облыстық «География мұғалімі – 2000» жыл мұғалімі байқауын ұйымдастыру жұмыстарына да жетекшілік жасады. Әрі ол географиядан мектеп мұғалімдерінің ізденіс жоба жұмыстарының кеңесшісі, бірнеше мәрте әр деңгейлі (республикалық, облыстық, қалалық) пәндік олимпиадалардың қазылар алқасының төрағасы және оқушылардың «Өлкетану» секциясы бойынша ғылыми жобаларының жетекшісі болып табылады, олардың араларында

арқасында кезінде факультеттегі тәлім-тәрбие жұмысы үнемі лайықты деңгейде болды. Аптаның жеті күнінде де, Т.Уәлиевті университет қабырғасынан немесе студенттер жатақханасынан табуға болатын еді. Сол кезде ол – оқу орнымызда алғашқылардың бірі болып «студенттік деканат» ашуға мұрындық болып, оның жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып жүргізілді. Қазірде оның атауы өзгергенімен де әлі күнге дейін білімгер жастарымыздың өзін-өзі басқару ісінде ол өз жемісін беруде. Тіптен оның бастамасымен – жатақханада «мұғалімдер бөлмесі» ашылып және оның жертөлесінен спорт бөлмесін құру қолға алынған болатын, ал ондағы оқу залын кітаптармен және оқу құралдарымен жабдықтау арқылы тәрбие жұмыстарын жаңаша жолға қойғаны көпшілікке қатты ұнаған болатын. Сондықтан

# **ТҰЛА БОЙЫ ТАЗА ТӘЛІМГЕР**

оқыту әдістемесі» кафедрасында ассистент болып бастаған ол, бүгінде «География және экология» кафедрасының доценті. Талғат Ошанұлы өзінің негізгі қызметін, оқу-ағарту ісі мен жоғары білім беру жүйесіне арнаған әдіскер-ұстаз. Білімгерлерге «Экономикалық-әлеуметтік және саяси географияның» негізгі оқу курстарынан дәрістер оқумен қатар, ол студенттер мен магистранттардың оқу-өндірістік және кәсіби-педагогикалық практикаларына жетекшілік жасауда. Оның ғылыми жетекшілігімен жүзден астам дипломдық жұмыстар мен бірнеше магистрлік диссертациялар қорғалған.

Доцент Уәлиев Т. елімізде және шетелдерде жарияланған 250-ден аса ғылыми және оқу-әдістемелік басылымдардың авторы, сондай-ақ авторлық куәліктердің иегері. Оның қаламынан ҚР БҒМ бекіткен көптеген жоғары және орта мектеп оқулықтары мен оқу құралдары жарыққа шыққан. Мұның ішінде, 2002-2019 жылдар аралығында «Мектеп» баспасы арқылы 10-шы және 11-ші сыныптарға арналған география пәнінің оқулығы мен хрестоматиясы – қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр тілдерінде бірнеше рет басылым көрген және ол мектеп оқушыларына арналған бірнеше электронды мультимедиялық география оқулықтарының да авторы. Мемлекеттік тілде жазылған жоғары оқу орындарына арналған төл оқулықтары үшін, ҚР ЖОО Ассоциациясы оны «А.Байтұрсынов атындағы күміс медальмен» марапаттаған. Олар өз кезегінде қазір де үлкен сұранысқа ие болып университетіміздің оқу процесінде қолданылуда, сонымен қатар оларды студенттер мен магистранттар қорытынды аттестацияға дайындығында да пайдалануда (мәселен, ЖОО мен мектеп мұғалімдеріне арналған «Географияны оқыту әдістемесі», «Дүниежүзінің табиғат ресурстары географиясы», «Өнеркәсіп географиясы», «Тұрғындар географиясы демография негіздерімен», т.б. оқулықтары). Мұның өзі Т.О.Уәлиевтің ғылыми-әдіскер, тәжірибелі педагог екенін көрсетеді. Сонымен қатар «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының барлық 10-томдығында оның 100-ден астам мақалалары жарияланған.

Доцент Т.Уәлиев «Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану академиясының» академигі. Ол кандидаттық диссертациясында – жоғары сынып оқушыларының экономикалық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық аспектілері мәселесін қарастырған. Әдіскер-ғалым «Білім» жүйесі бағытындағы бакалавриат пен магистратураға арналған «География» мамандықтары бойынша «ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының» (2003-2010 жж.) бірнеше дүркін түзуші-авторларының, ал осы жылдары құрастырылған бакалавриаттың «050116-География» мамандығы бойынша стандартының авторлар ұжымының жетекшісі болды. Оның тікелей еңбегінің нәтижесінде факультетте 2000 жылдардың басында «011040-География» мамандығы аясында «География және экономика негіздері» жаңа мамандандырылуы ашылып, ол кезінде 15 жылдай үлкен сұранысқа ие болып келді. 2011-2013 жылдар аралығында «58011600-География» (бакалавриат) және «6М011600-География» (магистратура) мамандықтары бойынша шетелді ЖОО әріптестерімен бірлесіп жасалған, педагогикалық мамандықтар бағытындағы жаңа жобалық тұрғыдағы білім беру бағдарламаларының негізгі құрастырушыларының бірі болды. Қазіргі таңда ол аталмыш мамандықтардың жаңа білім беру бағдарламаларының негізгі әзірлеушілердің бірі, әрі олардың жылдық жұмыс оқу жоспарларын құрастырушы.

Ол, Алматы қаласы және республикамыздың білім беру мекемелерімен өте тығыз байланыста жұмыс жасауда. Біліктілікті жетілдіру курстары мен мұғалімдердің



республикалық конкурстар мен Ресейлік олимпиада байқауларының жүлдегерлері де бар.

Ғұлама ғалым, философ, ойшыл энциклопедист ғалым Әл-Фарабидің өзі тәрбиесіз берілген білімге сын көзбен қараған. Біздің бұл жерден түйетініміз, Талғат Ошанұлының оқу орнымызда болашақ педагогты дайындаудағы басты құзыреттілік – тәрбиеге көп мән бергендігі. Осы арқылы ол өзінің барлық педагогтік білімін – болашақ ұстаздардың мінез-құлқын дұрыс тәрбиелеу процесіне бағыттады. Әрине, нәтижесі аз болған жоқ. Мәселен Т.Уәлиев, оқу орнымызда ұстаздық атқарған 37 жылының 20 жылдан астам уақытын – факультет деканының оқу және тәрбие жөніндегі орынбасары қызметіне арнады. Өйткені жастайынан қоғамдық жұмыстарда шыңдалған ол, оқу орнымыздағы оқытушылық қызметінің алғашқы күнінен бастап өзінің бүкіл күш-қуатын жастарды тәрбиелеу мен білім беру ісіне арнады. Себебі, оның бар тыныс-тіршілігі жалпы білімгерлерді, оның ішінде ауылдан келген қазақ жастарын тәрбиелеу мен тура жолға салу және білім беру болатын. Шын мәнінде, университеттің құрылымдары тарихында оқу-тәрбие саласында Талғат Ошанұлының осыншама жылдар бойы басылық қызмет атқаруы тәжірибесі

болар, Талғат Ошанұлының факультеттегі әрбір студенттің аты-жөнін, сабақ үлгерімін жатқа білуі. Әсіресе, көптеген ата-аналар келіп, оны ғана іздеп, балаларының оқу үлгерімі мен тәртібі туралы мағлұмат алып, әрі оған алғыстарын жаудырып кететін.

Талғат Ошанұлы кәсіби бағдар беру мен қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысуда, ол жаратылыстану-география факультеті бойынша ардагерлер кеңесінің төрағасы және түлектер қауымдастығының үйлестірушісі. Ол ұзақ жылдар бойы Алматы қаласының № 363-ші ұмәскелік сайлау комиссиясының төрағасы және оқу орнымыздың партия ұйымының хатшысы болған, қазіргі таңда факультеттегі «Атамекен» партиясы ұяшығының жетекшісі және оқу тобының әдвайзері. «География» мамандығы бойынша ҚР БҒМ жоғары және жоғарыдан кейінгі білім жайлы құжаттарды нострификациялау бойынша эксперимент комиссияның мүшесі болған және көп жылдар бойы география бағытындағы республикалық ғылыми-педагогикалық журналдардың редакциялық алқасының тұрақты мүшесі болып табылады. Қазіргі таңда ол –Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «География пәнінен орта білім мазмұнын» әзірлеушілер тобының мен факультеттегі оқу-әдістемелік бірлестіктің мүшесі.

Білім жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі, жастарды тәрбиелеу жұмыстарындағы жетістіктері және ғылыми-педагогикалық қызметтегі көп жылғы жемісті еңбегі үшін ол – «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен, «Ы.Алтынсарин» және «Медеу ауданына 75 жыл» тәсбелгілерімен, Алматы қаласының және Медеу ауданының әкімдерінің «Құрмет грамоталарымен», Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының және «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының алғыс хаттарымен және Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бірнеше марапаттарымен мадақталып, Алматы облысындағы «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атанған. Бұл мадақтаулар ғылыми-әдістемелік тұрғыдағы, оқу-білім жолындағы, тәлім-тәрбие ісіндегі және қоғамдық жұмыстардағы оның қажырлы еңбегінің нәтижесі болса керек.

Қарап отырсам, Талғат Ошанұлының өмір жолы көптеген ұстаздарға үлгі болатындай екен. Ол – ұйымдастырушылық тәжірибесі жетілікті және белсенділігі жоғары, әрі шығармашылық ойлау қабілетімен ерекшеленетін тәлімгер-ұстаз. Бұл менің, біздің факультеттегі оныменен бірге қызмет істеген 35 жылдан астам уақыт бойы бірге жүргендері түйген ойым. Расында да мен, Талғаттың өн бойынан тұнып тұрған адамгершілікті, студенттеріне деген ұстаздық махаббаты, шынайы таза педагог ретіндегі тұлғаны көріп үнемі көңіл мен риза боламын. Егер де әрбір ұстаз – студенттерді тәрбиелеуге Т.Уәлиевтей мәңгі бәлсе жөсеміз мәгерер еді-ау деп, шынайы тәлім-тәрбиені асқақтатқан ұстаздық интеллектуальды тұлғасы көз алдымда тұрады.

Айтпақшы, Талғат Ошанұлының жұбайы – Д.Қ.Айдарбаева университетіміздің «Биология» кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы. Үлкен ұлы – Мұрат Уәлиев Алматы облыстық маслихатының депутаты; ортаның ұлы – Дәурен Уәлиев «Қазақтелеком» АҚ-ның Халықаралық келісімдер департаментінің директоры; ал кенже ұлы – Мақсат Уәлиев болса, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің докторанты. Олардың отбасы мүшелерінің барлығы оқу орнымыздың түлектері болып табылады.

**Жұмаділ ШІЛДЕБАЕВ,**  
**Жаратылыстану-география факультетінің**  
**профессоры, п.ғ.д.**

## **СҰХБАТ**

# **ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕГІ ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ**

- Зәмзәгул, ережесіз жекпе-жектегі жауынгер қыздардың үштігіне кіресіз. Дзюдодан ұлттық құраманың атынан өнер көрсетіп жүргенде де, аталған спорт түрінен нәмірі бірінші болғаныңызды білеміз. Спортқа әкеңіз баулығаны анық. Ал мансап жолында жетістікке жетуіңізге ықпал еткен кім?

- Иә, менің әкем спорттың үш түрінен спорт шебері. Залдың есігін алғаш ашып көрсеткен сол кісі болатын. Дзюдоға әкем алып келгенде, 8 жаста едім. Кейіннен Валентина Камсулева, Хикматулла Халиков сияқты бапкерлерім болды. Негізінен, қанша бағыт-бағдар бергенмен, ең бастысы адамның өзінің шын ниеті болуы керек деп ойлаймын. Немен айналысып жүргеніңді саналы түсініп, шынайы жүрегіңмен қаламасаң, белгілі бір жолда белесті бағындыруың екіталай. Екіншіден, жетістіктің кілті ерен еңбекте жатыр. Негізі, қай жерден өзімді көргім келсе, сол саланы бес саусағыңдай білетін жанашыр жандар жанымнан табылып, қолдан келгенше көмек қолын созып жатады. Өзіңізде мәлім, ұзақ жылдар бойы дзюдомен, күреспен айналыстым. Одан кейін боксқа ауысу өте қиын болды. Алайда берілмей, соңына дейін барамын деген шешімім мені осы күнге алып келді. Жатсам да, тұрсам да ойым сол болатын. Іштей «Соққы өткізіп алсам, құлап қалсам, денемді жарақаттап алсам,



қарсыластан жеңіліп қалсам не болады?» деген сұрақтарға жауап іздеп жүретінмін. Күндіз-түні бокс залында жаттықтық. Алғашқы болу кез келген жағдайда қиын. Әсіресе, спортта. Себебі біріншілердің алдында жол көрсететін ешкім болмайды. Өзіңіз айтқандай, ережесіз жекпе-жектегі алғашқы қазақ қызымын. Егер менен бұрын бір қараөз қандасымыз сегіз бұрышта өнер көрсеткен болса, соған қарап өз жолымды анықтайтын едім. Оның артынан еріп, мансабы қалай болды, нені қалай істеу керек, қай кәтелігін қайталамау керек деген сияқты... Түсінесіз бе, жол бар, соңынан еретін жан жоқ. Алдың белгісіздік. Тіпті, қандай жағдайда жарақат алып қаламын, қалай қорғанамын деп уайымдайтынмын. Дегенмен ұзақ ізденіс үстінде бодым деп айта аламын. Физикалық, техникалық, тактикалық, психологиялық тұрғыда өзімді ұзақ дайындадым.

- Өткен шаққа оралайықшы. Қандай студент болдыңыз? Сабақтан жиі қалатын, жарыс, дайындық деп аудиторияда емес, залда жүретін «ерке» білім алушы болған шығарсыз?

- Сізге студенттік шағымның емес, қалай студенттік өмірге қадам басқаным туралы қызықты айтайын. Мен Абай атындағы ҚазҰПУ түлегімін. 11-сыныпты аяқтаған соң, дзюдодан жасөспірімдер және әйелдер арасында Қазақстан чемпионы атанып, әрі қарай Ресейге жолдама ұтып алдым. Әлі күнге дейін есімде, университетке оқуға түсуге емтихан тапсыратын күні Орынбор қаласынан үшпін келдім. Сол кездегі бапкерім Валентина Камсулева туғиімді, шалбар, көйлегімді алдын ала дайындап, мені әуежайдан күтіп алды. Өзім ұшақтан жаңа түскен бетім, шаршап тұрмын, дайындығым да аз. Біздің кезімізде жалпы балдан орыс тілін шегеріп тастайтын. Дал қазір есімде жоқ, бірақ менің көрсеткішім грант алуға жетпеді ғой деймін. Валентина Камсулева мені сол кездегі Абай университетінің ректорына алып барды. Дзюдодан спорт шебері, Қазақстанның намысын қорғап жүрген қызымыз, болашақта Универсиадада күресуді, үміттеріңді ақтайды деді. Содан кейін, мені оқу орны 75 пайыз жеңілдікпен алды. Абай университеті менің физикалық тұрғыда дамуыма, спорттағы ойлау қабілетімді шыңдауыма көп көмектесті. «Қазір ойлаймын, сол кезде бүгін демалайын, келесі жылы тапсырамын» деп, үйге қайтып кетсем оқуға түспеуші едім. Бәрі өз уақытында қызық. Абай университеті берген тәжірибе мені осы күнге жеткізді. Күресіп жүре бермей, жанашыр жандарымның арқасында білім алып, қанатымды кеңге жайып отырмын.

Бапкерімің айтқаны дәл келді. Оқып жүрген екінші күрсымда Универсиадаға шақырту алдым. Қазан қаласында күресіп, бірінші белдесуде қырғыз палуанымен, екіншіде моңғол қызымен шығып, екеуін де ұттым. Өкінішке қарай, үшінші белдесу ойымдағыдай шыққан жоқ. Қазақстанға келгенде, мені қолдаған осы Абай университетінің басшылығы болды. Универсиададың іріктеуінен ұтып келген кезде де, маған ноутбук сыйлап, сенім білдіріп, шығарып салған еді. Сонымен, төртінші күресте жүргенде, мені грантка ұсынып, соңғы жылымды тегін оқыдым. Ұстаздарым үнемі қолдайтын. Соңына дейін жанымда болып, дипломдық жұмысымды қорғатып, шығарып салды. Рақмет айтамын.

Дені шынықтыру және спорт мамандығында оқыдым. Жаман студент болдым деп айта алмаймын. Үнемі жарыстарда, дайындықта жүретінмін. Ессесіне, аз оқу орныма айтарлықтай мәртебе сыйладым.

- Спорттағы ұстаздарыңыз туралы білдік. Ал офицерлік жолды таңдауыңыздың белгілі бір себебі бар ма?

- Иә, мен 19 жасымнан армияның орталық спорт клубында жұмыс істедім. Әскери қызмет - Отанға, елге, жерге деген шынайы сезімді жан-тәніңмен түсінуге көмектесетін мамандық. Ол - менің бала күнгі арманым. Орындалды. Жалпы, өмірде мүмкін емес нәрсе болмайды. Әсіресе, біз өмір сүріп жатқан ХХІ ғасыр - мүмкіндіктер ғасыры. Ең бастысы, еңбектенсең, алдыңа үлкен мақсат қоя білсең, сонда ғана нәтижеге жетесің. Ақылмен жолсыз жерден жол ашуға болады. Мақсатқа барғанша барлық қиындыққа төзе білу керек, сонда шың басына көтерілу де оңайырақ соғады.

- Ережесіз жекпе-жектегі алғашқы қазақ қызысыз. Мойындау керек, бұрын бұл спортта тек жігіттерді көретінбіз. Ал қыз баласының сегіз бұрышта өнер көрсетуіне көзімізді үйреткен өзіңіз. Одан бері артыңыздан қаншама қазақ қызы ерді. Тәжірибеңізбен бөлісіңізші. «Шаршы алаңға шығамын» деген қыздар мансабын неден бастағаны дұрыс?

- Ережесіз жекпе-жек - қауіпті спорт түрі. Алайда бүкіл елдің, жердің, халықтың абыройын қолыңа ұстап тұрған соң, қай жерің сынса да, намысты қолдан бермеу керек. Тәніңдегі сынықтың жазылатыны хақ. Сауғыып кетерсің. Бірақ, жүректегі жара мен бастағы ойдың дауасы болмайды. Ештеңе шықпайды деп, қолды бір сілтеп кете салу оңай. Алайда соңынан «Әттеген-ай, сол спортта қала берсем, бір жетістікке жетер ме едім» деп өкініп қалып, іштей өзке өкпе артып алуың мүмкін. Өпке-сіңілерімізден мұндай жағдайды жиі көремін. Кішкене шыдасам, Олимпиадаға мен де барар едім деп өкініп қалып жатады. Нендей шаруаның басын шалсаң да, соңына дейін апаруға тырысу керек. Жетістік тұрақтылыққа келеді. Сондай-ақ оқып, білім алу керек.

Жаңа дүниені үйренуге күш салу керек. Заманның ауырлығы белгілі, ешкімге сенбеңіздер. «Күйеуге шығамын, күйеуім асырайды» деген болмайды. Диплом алыңыздар, оқыңыздар. Кейбір жігіттер қатпарлы, қилы жолдың жартысына келгенде тастап кетуі мүмкін. Сондықтан кез келген жағдайда өзіңді алып шығатындай күш жинау керек. Ал спортқа келетін болсақ, менен кейін Сора Рахмонова, Алн Тұрсын деген қыздар шықты. Қазақ қызы қайсарлы, қазақ қызы майталман, жаудың бетін қайтарған дейді. Ар деген - шындық, намыс - шындықты жоймау, әркезде тек шыншыл болу, шындыққа берік болу. Кез келген қазақ қызының жетістігіне қуанамын.

- Зәмзәгул, жан-жақтысыз. Қыз баласы тұрмақ, ер жігіттер айналысуға бата бермейтін спорт саласында жүрсіз. Ал ұй жағдайында басыңыздан орамал түспейтін, ибалы келін, аяулы жар, үш баланың анасысыз. Түрлі тамақ түрлерін жасап, жылыққа мінуге де уақыт табасыз. Сұхбаттарыңыздан байқасам, тіпті, сөзге шеберсіз. Күнделікті өмір салтыңыз қандай? Жаттығуларға, түрлі жарыстарға дайындық қалай жүреді? Салмақ ұстап тұру, белгілі бір режим бар дегендей... Баріне қалай үлгересіз?

- 14 күн үйде, 14 күн дайындықта жүремін. Үйде болған уақытымды барынша тиімді пайдалануға тырысамын. Балаларымның әрқайсына жеке-жеке көңіл бөліп, ұнататын асын әзірлеп беремін. Демалыс күндері атқа мінеміз. Себебі ұлдарымды нағыз ер мінезді азамат етіп тәрбиелеп шығару менің ана ретіндегі парызым деп білемін. Қонақ күте қалсам, барлығын өз қолыммен дайындап шығарамын. Тағамның дәмді болуын қадағалаймын. Енеме алғысым шексіз. Себебі мен жоқта балаларыма тәрбие беріп, жоқтығымды білдірмей отырады. Бәріне үлгеремін деп айтпаймын, уақытымды тиімді пайдалануға тырысамын.

- Бапкерлікті бастап, шәкірт тәрбиелеу ойыңызда бар ма? Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

- Бапкерлік дейсіз бе?... Жоқ, қазір дайын емеспін. Дегенмен алдағы уақытта оған да келемін деген ойдамын. Уақыт керек. Қазір екі үл, бір қыздың анасымын. Спортқа ұлдарымды баулығым келеді. Өзімнің туған екі інім бар, екеуі де күреседі. Алла сәтін салса, дайындыққа үшінші інім барады. Қазақтың намысын қорғап, Әнұранды асқақтатып, көк Туды желбірететін азаматтар бар айналада. Бар білгенімді соларға үйретсем, осының өзі бір асу болар еді. Шәкірт тәрбиелеу - оны биікке жетелеу, қанаттандыру, қолдау, бағыттау, қолыңдағы барыңды беру. Жауапкершілік танытып, қасима алсам, олардың әрқайсысына жеке-дара көңіл бөлуім керек. Тек жаттықтырып қана қоймай, үлкен-үлкен жарыстарға шығарып, жеңіске жеткізу үшін күш салуым керек. Балаларым кішірек, спортым, үй-жайым, жұмысым бар дегендей. Үлгермейтін сияқтымын.

- Өзіңіз айналысып жүрген спорттағы басты мақсатыңыз қандай? Қазір қайдасыз, қандай да бір жекпе-жекке дайындық жүріп жатыр ма? Спортпен қоштасатыныңыз рас па?

- Қыркүйек айында қазақша күрестен Астана қаласында «Көшпенділер» деп аталатын өте үлкен, масштабты жарыс болады. Оған бүкіл Азия елдерінен спортшылар қатысады. Қазір сол жаққа дайындық үстіндеміз. Себебі бұл жарыстың мен үшін маңызы зор. Алтыннан алқа тағынып, күрестегі мансабымды әдемі аяқтағым келеді. Ережесіз жекпе-жектен де сондай. Бұл спортта жүргеніме 5 жыл болды. MMA спортынан еліміздің ең үздік тұжырымдарының тізіміне Alash Pride ұйымы өзінің кезекті турниріне белбеу қойып жатыр. Мақсатым - соны жеңіп алу.

- Спортта бағыңыз жанды. Ал өмірде әйел, ана ретінде бақыттысыз ба?

- Үйде анамын, келімін. Өзімнен бұрын жолдасымның, ата-анамның абыройы үшін қолымнан келгенше еңбектеніп бағудамын. Жоғарыда айтқанымдай, мен үшін мүмкін емес нәрсе жоқ. Қорқынышыма қарсы жүремін. Өйткені әке-шешемнің атына кір келтіруге тырысамын. Артыман «Ана-анасы үйретпеген екен» деген сөз ермесе екен деймін. Сондықтан сіңілеріме айтарым, әке-шешеніңді беті қызармасын десеніздер, «Қолымнан келмейді» деген нәрсені айтпаңыздар.

- Әңгімеңізге рақмет.

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНДА  
КҮМІС ОЛЖАЛАДЫ

Франциядан жағымды жаңалық! Абай университетінің түлегі, грек-рим күресінен 77 келі салмақта белдескен Демеу Жадыраев күміс медальға қол жеткізді.

Демеу жартылай финалда екі дүркін әлем чемпионы, Токио ойындарының күміс жүлдегері қырғызстандық Ақжол Махмудовтан айласын асырып, 3:1 есебімен басым түскен болатын. Ал, ақтық сындағы қарсыласы - Азия чемпионы, жапондық Нао Кусака болды.

Түлегімізге Олимпиада чемпионы атану үшін сәл сәттілік жетпеді, сөйтіп екінші арынды қанағат тұтты. Демеу Жадыраевқа барша университет ұжымының атынан құттықтап, алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!

XVII ЖАЗҒЫ ПАРАЛИМПИАДА  
ҮШІНШІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ

7 қыркүйегінде Парижде өткен Паралимпиада ойындарында дзюдошы Жұрқамырза Шүкірбеков қола жүлдені жеңіп алды. Қазақстандық спортшы пара дзюдодан J2 санатында 90+ келі салмақ дәрежесінде бақ сынасып, француз спортшысы Насер Зорганиді жеңді.

Жұрқамырза Шүкірбеков Абай университеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті.

Спортшымызды лайықты жеңісімен құттықтаймыз және алдағы жарыстарда тек қана сәттілік тілейміз! Чемпионатындағы алғашқы жүлдегі.

ӨЗА

Заң факультетінде оқитын бір студентті ит қауып алыпты. Бізаланған студент қолындағы балта-сымен жіберіп ұрып, итті өлтіріп қойыпты. Иттің иесі сотқа сүйрейді. Сот: –Сіз неге итті балтаның жүзімен емес, дүбімен ұрмадыңыз? – деп сұрайды. Сонда болашақ заңгер: –Егер ит мені аяғымен тепкен болса, онда мен де оны балтаның дүбімен ұрған болар едім. Бірақ ол мені өткір тісімен тістеді ғой, сол себепті мен де оны балтаның өтір жүзімен ұрдым, – десе керек.

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕР:  
«ҚАЗАҚСТАНДА САПАЛЫ БІЛІМ АЛУҒА ТОЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН»

Елімізде шетелден келіп, білімін Қазақстанда жалғастырып жатқан студенттер қарасы көбейді.

Бұрындары сапалы білім ғана сапалы жағдай үшін, ғылым жолындағы ізін жалғастыру үшін қазақ жастары мұхит асып, шетелге көптеп ағылатын. Бұл тенденция қазір де толастаған емес. Десе де сондай кәсіби білімді іздеп, бізге де келетін өзге жұрттың біраз екені анық сезіліп отыр. Себебі елімізде шетелден келіп, білімін Қазақстанда жалғастырып жатқан студенттер қарасы көбейді. Мәселен, еліміздегі іргелі оқу орны Абай атындағы ҚазҰПУ-дың өзінде әлемнің оншақты елінен келген 1050-ге жуық студент білім алады. Әрі ғылым жолындағы мансабын осында жалғастырығы келетіндер де баршылық. Aikyn.kz редакциясы сол студенттердің бірнешеуіне сауал жолдап, Қазақстандағы білім, мәдениет, ғылыми көзқарас хақындағы пікірін сұраған болатын. Соның бірі Хамром Ниязов – Абай атындағы ҚазҰПУ Филология факультетінің «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша студенті. Түркіменстаннан келген. Біз төменде бірнеше студенттің ішінен өз білмәлушымыздың пікірін бөліп алып, оқырмандарымыздың назарына ұсынғанды жөн көрдік.



–Қазақстандағы оқу қалай? Көңіліңізден шыға ма, мұнда білім алуға қаншалықты жағдай жасалған?

–Қазақстанда білім алудың ең басты артықшылығы: мұнда әртүрлі елден келген, қазақ тілі мен орыс тілін білмейтін білім алушылар үшін ағылшын тіліндегі бағдарламалар ұсынылады. Тіл білмейтін студенттерге бұл – өте қолайлы ұсыныс. Сондай-ақ, басқа елден білім қуып келген білімгерлер әртүрлі стипендиялар мен қаржылық қолдауларға ие бола алады. Мұнда жатақхана мәселесі де ыңғайлы жолға қойылған. Мен әрқашан өз таңдауыма ризамын. Бүгінде мен Абай университетінде «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Қазір университетте тек орыс тілін ғана емес, қазақ, ағылшын тілдерін үйрену үстіндемін. Осындағы оқу процесі көңілімнен шығады. Ұстаздар жағы да білім беріп қана қоймай, жеке басыма, өмір сүру қағидаларыма үнемі алаңдаушылық білдіріп отырады. Бұл қазақ халқының мейірімді, бауырмалдығынан болса керек. Ең жақсы, білімді мұғалімдерден сабақ аламын. Профессорлар тәртіпті қатаң талап етеді. Сондай-ақ, барлығын дұрыс, түсінікті, анық жеткізе біледі. Сабақ барысында қазақстандық студенттер үнемі көмек қолын созуға дайын тұрады. Барлығы сондай мәдениетті, ақкөңіл. Ойыңды анық жеткізе алмаған, дұрыс емес айтылған ақпарат үшін

ешқашан күліп немесе сыналған жағдай орын алған емес. Ойым – үнемі сабақта. Мен мұнда не үшін келгенімді, ел асып неге басқа мемлекетте жүргенімді саналы түрде білемін. Сондықтан, барлық дүниені барынша меңгеріп қалуға тырысамын. Бір айта кетерлігі, қазақстандық студенттердің көпшілігі бірнеше тілді қатар меңгерген. Бұл шет жатқан келген тіл үйренетін және өз дағдыларын жетілдіруге ұмтылатын шетелдік студенттер үшін ыңғайлы, қолайлы жағдай туғызады.

–Неге білім алу үшін Қазақстанды таңдадыңыз?

–Дұрыс айтасыз, Қазақстанда жоғары оқу орындары жетерлік, таңдау да көп. Алайда мен Абай университетін таңдадым. Себебі бала күннен бергі арманым ұстаз болып, шәкірт тәрбиелеу еді. Ал Абай университеті - Қазақстандағы ең алғаш ашылған, педагогикалық білім берудегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі. Қазақстандағы жетекші педагогикалық оқу ордасының «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығын аяқтап, педагогика саласында өз қабілеттерімді сынағым келеді. Әрі, мемлекетіміз білім саласының дамуына өз үлесімді қосып, жандық баскеге сай деңгейге көтерім келеді. Әрине, бұл мамандықтың шыңына шығып, мақсатымды орындау үшін қажырлы қайрат пен терең білім керектігін білемін. Сондықтан таңдауым 100 жылға жуық тарихы бар, көптеген ғалым мен профессорды тәрбиелеп шығарған оқу орнына түсті. Фалатмортан өз университетім туралы іздеген кезде, оның Азиядағы ТОП-150, Қазақстандағы 5 үздік университеттерінің қатарына кіретінін білдім. Мұнда 16 000-нан аса студент білім алады екен. Ал бітіріп шыққан түлектердің 95-96 пайызы сұранысқа ие мамандар болып шығатынына көзім жетті. Университетте оқыған түлектердің тізімін қарайтын болсақ, мұнда көптеген танымал тұлғалар, атақты мәдениет және спорт өкілдерін, ел басқарушы қайраткерлерді табамыз. Абай атындағы ҚазҰПУ-да ақылы оқуға жеңілдіктер жүйесі қарастырылған. Беделін, оқыту жүйесінің айтарлықтай ерекшеліктерін, оқытушылардың білім деңгейінің жоғарылығын, белсенді және қызықты студенттік өмір сүруге жасалған жағдайды ескере отырып, өз таңдауымның дұрыс болғанына көзім жетті.

–Сіздің ел мен Қазақстанда оқудың, білім алудың қандай айырмашылықтары бар немесе ұқсастығы қандай?

–Менің елім мен Қазақстанда немесе басқа шетелдерде білім алудың көптеген ұқсастығы немесе айырмашылығы болуы мүмкін. Ал - заңды. Сізге өзім байқаған кейбір ақпаратты айтып көрейін. Қазақстанда әртүрлі салада бакалавриат, магистратура, докторантура сияқты оқыту бағдарламаларының кең ауқымын ұсынатынындай, менің елімде де осы оқыту жүйесі қалыптасқан. Көптеген елдегі сияқты, мұнда да, менің елімде де білім беру мекемелерінің өзіндік стандарттары мен білім беру талаптары қалыптасқан. Қазақстан мен Түрікменстандағы білім беру ошақтары студенттердің білім беру тәжірибесін байыту үшін халықаралық серіктестер мен алмасу бағдарламаларын дамытуға ұмтылуда. Менің елімде бір немесе бірнеше оқыту тілін қолданады. Қазақстанда да, қазақ тілінен басқа, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту процестері бар екен. Әр елдің өзіндік мәдени аспектілері бар, олар білім беру процесіне оң ықпал етеді. Соның ішінде оқыту әдістері, белгілі бір пәндерге баса назар аудару сияқты өзіндік қағидалары қалыптасқан. Бағалау және емтихан жүйелері әр елдің білім беру жүйесіне сәйкес, әртүрлі болуы мүмкін. Қазақстанда да өзіндік тепе-теңдіктер мен нақты бағыттар қалыптасқан. Бұл, әрине, білім беру процесіне өз деңгейінде білгілі бір пайда келтіреді. Сондай-ақ студенттерге алға жылжу өзіндік мотивация бола алады деген ойдамын. Білім беруде қаржыландыру

жүйелері де әртүрлі болуы мүмкін. Соның ішінде, стипендиялардың, жеңілдетілген несиелердің, студенттерді қаржылық қолдаудың әртүрлі тәсілдері бар. Нақтырақ айтсақ, белгілі бір айырмашылықтар болғанымен, екі елде де студенттерге сапалы білім алуға және табысты мансап үшін дағдыларды дамытуға жағдай жасалған.

–Алдағы уақытта жұмыс істеу үшін Қазақстанда қалатын ойыңыз бар ма?

–Әзірге нақты шешім қабылдаған жоқпын. Дегенмен қазақстандық мәдениет пен білім беру ортасында өзімнің білімім мен қабілетімді кеңейту мүмкіндігіне еніп, тәжірибе жинауға дайынмын. Мұндағы оқыту мен білім беру бағдарламалары, кәсіби процестер менің білімімді толықтыратынына, бірегей тәжірибелер мен перспективалар ұсына алатынына сенімдімін. Өз еліме барып, ойға алған мақсаттарымның жүзеге асуы үшін әлі талай ізденуім керек екенін білемін. Болашағымның қай бағытқа бұрылатынын, тағдыр жолы қандай жолдармен алып жүретінін білмеймін. Бар білетінім - дәл қазіргі уақытта қолымдағы бар мүмкіндікті тиімді пайдалану.

–Сізді қазақ мәдениеті қызықтыра ма, қазақтың ақын-жазушыларымен, салт-дәстүрімен танысып үлгердіңіз бе? Мұнда өмір сүру сіз үшін қаншалықты тиімді немесе қандай қиындық тудырып жүр?

–Қазақстанда білім аламын деп шешім қабылдасам бұрын көп ойланым. Қалай болады, жатырқап, тіл табыса алмасам ше, сабағымнан қиындық туындаса деген сияқты сансыз сауалдар уайымдатып, түнімен ұйықтай алмайтынмын. Алайда өзімнің дұрыс таңдау жасағаныма іштей сенім болғанымды да жасырмаймын. Мен осында оқуға келгенім, көп ұқсастықты байқап үлгердім. Түрікменстан мен Қазақстан көптеген ғасырлар бойы тату көрші, стратегиялық серіктестік орнатуда бір-біріне дос, тіпті, кез келген жағдайда өзара қолдау, ынтымақтастығы дамып келе жатқан мемлекеттер ғой. Оның үстіне, қазақтар қонақжай, бауырмал халық екен. Тіліміз әртүрлі болғанымен, дініміз, сыртқы түр келбетімізден ұқсастықтар байқалады. Менен басқа, мен оқып жатқан Абай университетінде әртүрлі елдің 500-ге жуық азаматтары білім алады. Ал Түрікменстаннан білім қуып келген менен басқа 102 студент бар. Айтқым келгені, қазақ жері солардың барлығына дерлік құшағын ашып, кең жері мен мейірімді жүрегіне баршамызды сыйғызып отыр. Қазақ достарым көп, қонаққа жиі шақырып тұрады. Қазақтың салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдет-ғұрпын, ырымдарын біртіндеп үйрену үстіндемін. Ұлттық ас бесбармақ - мен жеген тамақтардың ең дәмдісі. Қазақ мәдениеті өте қызықты әрі бай.

Ал ақын-жазушыларға келетін болсақ, Сізге қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының төрт шумақ өлеңін оқып берсем деймін.

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба.  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге...

Қазіргі таңда Абайды, Мұқағали Мақатаевты танып жатырмын. Олардың өлеңдерін оқыған ұнайды. Сізге бір қызық айтайын. Достарым қазақ тілінде сөздік қорды көбейту үшін Мұхтар Әуезов жазған «Абай жолын» оқуды ұсынды. Ал мен оның төрт томнан тұратынын білмеймін. Кітапханадан іздеп, оқып көргенім бар. Ең қызығы, бір бетін тауысып, екінші бетіне келгенде, басы қалай басталғанын ұмытып қалып жатырмын. Сондықтан әзірге роман, повесть емес, тілге жеңіл өлеңдерден бастап жүрмін.

## ЕРКЕШ БЕРДАХМЕТ – ҮЗДІК СТУДЕНТ



Математика, физика және информатика факультетінің 2 курс студенті Бердахмет Еркеш «Bilim-örkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған «Түркі халықтарының бірлігі» халықаралық форумында университетімізді лайықты таныстырды. Осы беделді конкурс аясында Еркеш Бердахмет «Қазақстан Республикасының үздік студенті» номинациясымен марапатталды.

Сайыс екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар жетістіктері мен өздері туралы толық ақпаратты қамтитын өтінімдерін берді. Іріктеу қорытындысы бойынша үздік студенттер 26 шілдеде Астана қаласында өткен екінші кезеңге қолдама алды. Конкурста Қазақстаннан ғана емес, басқа түркі мемлекеттерінен де студенттер қатысты. Үздіктердің үздіктері «Алтын жұлдыз» иегері, «ТМД үздік студенті» және «Қазақ-стан Республикасының үздік студенті» сияқты түрлі номинациялар бойынша жоғары марапаттарға ие болды.

Бердахмет Еркеш - Абай университетінің мақтанышы. Сізді осы лайықты марапатпен шын жүректен құттықтаймыз және алға қойған мақсаттарыңыз бен армандарыңызға жету жолында табыстар тілейміз!

## АЗИЯДА АЛТЫН АЛДЫ



23 мен 25 тамыз аралығында Манила қаласында (Филиппин) WKF каратеден жасөспірімдер мен жастар арасында Азия чемпионаты өтті.

Жарысқа 30 елден 600-ге жуық спортшы қатысты. Ал, ұлттық құрамадан барлығы 37 спортшы ел намысын қорғау үшін Филиппин астанасына аттанған болатын. Жарыста Абай атындағы ҚазҰПУ «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1 курс студенті Қадырғали Әлихан 76 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанып, алтын жүлдеге ие болды.

Студентімізді жеңісімен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда толағай табыстар тілейміз!



МЕНШІК ИЕСІ:  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор  
Болат ШАРАХЫМБАЙ  
Көркемдеуші-дизайнер  
Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ  
Акерке ЫСҚАҚ  
фототілші  
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның  
мекен-жайы: 050010  
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,  
30-үй, № 323-бөлме.  
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56  
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 224  
Индекс 65285  
Таралымы 1000  
• Автордың мақалалары  
редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Редакцияға түскен материал  
қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының  
баспаханасында басылды

Баспа директоры  
Танат ӘЛИАСҚАРОВ

Баспаның мекен-жайы:  
050010  
Алматы қаласы,  
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.